

83.3(5каз)

Ш 33

Ақылбек ШАЯХМЕТ

Ел есіндегі
есімдер

Ақылбек Шаяхмет

Ел есіндегі есімдер

эсселер, мақалалар, әңгімелер

049.955

Л.Толстой атындағы Қостанай
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасы

Алматы, “GAUHAR” баспасы.

2005 ж.

ББК 84 Қаз 7- 4
Ш- 33

Ақылбек Шаяхмет.

Ш-33 Ел есіндегі есімдер. Эсселер, мақалалар, әңгімелер. — Алматы:
“GAUHAR” ЖШС FӨПбк, 2005. — 221 бет.

ISBN 9965-588-19-8

Ақылбек Шаяхметтің “Ел есіндегі есімдер” деп аталған жаңа кітабына бұған дейін өмір жолы мен шығармашылығы аз зерттелген ақындар мен билер, шешендер өмірі арқау болған. Есімі елге танымал ақындар туралы толғаныстар да оқырманды бей-жай қалдырмайды. Кітапта сонымен бірге қазақтың көрнекті қоғам қайраткерлері мен аты аңызға айналған батырлардың елге беймәлім тұстары айтылады. Кітап қалың оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-4

Ш 4702250200
00(05)-05

© *Ақылбек Шаяхмет.*, 2005.

ISBN 9965-588-19-8

Сөз туралы

Лев Толстой: “Слово — дело великое. Великое потому, что словом можно соединить людей, словом можно и разъединить их, словом можно служить любви, словом же можно служить вражде и ненависти” — деген екен.

Бұл пікір қазақтың “өнер алды — қызыл тіл”, “басқа пәле — тілден” секілді қанатты сөздерімен үндес, өзектес.

Сөз байлығы дегеннен шығады, орыстың Нижний Новгород қаласында тұратын есімі елеусіз бір жазушысы “Ольгин остров” деген повесть жазып, онда тек қана “о” әрпінен басталатын 16 мың сөзді қолданып, Гиннестің рекордтар кітабына енген көрінеді. Сол жазушының келесі кітабы “Приключения пехотинца Павла Петрова” деп аталады. Бұл кітапта 86 мың сөз “п” әрпінен басталады.

Бір әріптен басталатын сөздерді ойнату қазақ халқында да ежелден бар. Мысалы “Таз таранғанша той тарқайды”. Осы тіркесті Олжас Сүлейменов орыс тіліне аударыпты. Бір ғажабы, мағынасы да, түрі де (формасы) өзгермеген, қаз-қалпында қалған. “Пока плешивый прихорашивается, пир пройдет”.

Алайда, орыс тілінің түсіндірме сөздігін ашып көрсеңіз, алфавиттің алғашқы әрпі “А”-дан бастап осындай сөйлемдер құрастыру оңай еместігі тайға таңба басқандай байқалып тұрады. Орыстың осы әріптен басталатын сөзінің өзі бірен-саран, тіпті жоқтың қасы. Өйткені көпшілігі кірме сөздер, өзге тілден алынғаны, басқаның көрпесін жамылғаны көзге айқын шалынады.

Біз де осындай тәсілмен әңгіме жазып көруге бел будық. Оған “Қазақтың қазынасы қалпында қалсын!” деген ат қойдық. Құлақ құрышын қандырса, қиыннан қиыстыралық.

Құранды, қажыны қасиеттеген, қуанышты, қызықты, қалжыңды, қызды, қымызды, қызғалдақты, қансонарды, қазы-қартаны қасқалдақтың қанындай қастерлеген қайсар, қынулы, қайратты, қарапайым, қабырғасы қатқан қазаққа қатты қайран қаламын. Қазақ қашан, қайда қалай қарымтасын қайтарды? Қайырсыз Қарынбайлар қарнына құлқынын қосшы қылды, қоржынын қимен қампитты. Құдайсыздар қоғамы Қағба

қабырғасына қарағанды қудалады. Қабат-қабат қыртысты қопарғанда қатты қорланған, қиналған қауымның құбылаға қарап қалағанын Қүдірет қабыл қылды. Қарғадай қатты қарқылдамаған, қаңбақтай қаңғалақтамаған, қанаттыларға қақтырмаған, қаптаған құйрықтыларға қаптырмаған, қырандай қырағылықпен қаранған, қаздай қаңқылдаған, құрығы құтты, қайысы қатты қазекем қарашада, қаңтарда қаңтарылмаған, қатуланса, қайраттанып, қайралып, қаһарланған, құлазыса, қамықса, қатуланған қабағына қар қатқан. Құйысқанға ыстырылмаған, ыжыртқандарға, қыдындағандарға, құбылғандарға құмартпаған. Қас қарайса, құбыжықтан қорықпай, құдайы қонақтарына қошемет қылған. Қурап қалған қаттыларға қуырдақ қуыртпаған. Құдаларын құдайдай құрметтеген қазақтарға Қыдыр қырын қарамаған, қабағына қарап Қызыр қонған. Қадамы қасиетті, қаламы қарымды, қарындасқа қайырымды, қалғанына қамқоршы, қабырғасы қатқан қазақ қауын-қарбыз, құрт, қымыран, қаймақ, құймақ құрыса, қазандағы қаспағына қанағат қылған. Құнттаса, құндаса құндыздан құр қалмаған. Қырсыздарды қамшылап, қамсыздарға қарайласып, қиянатта қобалжымай, қайғыдан қаймықпай, құрғақ қолпашқа қолпылдамай, қиында қылпылдап, қираландамай, қам-қарекет қылған, Құлагердей қылқұйрыққа қыз-Құртқадай қамданып, қастықтан құтқаруды, қаралы қатынды қор қылмауды қарастырған.

Қырда қажымаған, қамалда қамалмаған, қасынан қалтырамаған, қыстан қорқып, қысылмаған, қорғансызды қорлатпаған, қанды қақпанға қақтықпаған, қақырайған қыдырмашыны қаламаған, қылмандаған құдашаға қырындамаған, қаншырдай қатқан қаншықты қарсақтай құмаған, қызылға қырмандай қызықпаған, қабыландай қабынбаған, қисықпен қиырда қағыспаған, қыңырды қабылдамаған, қисынсызды қазбаламаған қаз-қалпындағы қазынамызды қазір құрдымға құртып, құрымдай қылғандаймыз. Қауесетті құмалақтай қаулатып, құмырсқадай құжынаттық. Қодыраң қаққан қылықтар, құты қашқан қызғаныш, құйындатқан құқайлар, қожырайған қождар, қиқулаған қиқарлық, қауырсындай қауыздар қоғамды қансорпа қылды. Құдыққа құлағандардың құлағында құрбақа құрылдады. Қырмасақалдар қызарғанға қырғидай қырындады. Қыдындаған қыжылдар, қоқиланған қораздар, қоқалақтаған қойыртпақтар құлақ құрышын қандырды. Қараңғыда қарманған қарандаған қазақты қаражүрек қаскөйлер қаса-қана қан қылды.

Қорқыттың қобызын қызғыштай қорғап, Құрманғазыны құйқылжытып, қара қыпшақ Қобыланды, қаракерей Қабанбай,

Қажымұқанның қуатына, қажыр-қайратына құмартып, Қожанасырдың қалжыңдарын қызықтаған, қысылшаңда қымтырылмаған қазақ құрдасына қысастық қылмаған. Қылыштай қылшылдаған қаһармандар қырдағы қырқылжыңнан, қысастықтан қыршынынан қиылған. Қадірменді қариялардың қалауы: “Құдайым, қалың қазақты қотандағы қозы-қойына, қырдағы құлынына, қонысындағы қымызына, қыстауындағы қызығына қожа қылсын. Қызғалдақтай құлпырған қыздарымыз қиналмасын. Қаржы құнсызданбасын, қанқұйлы қылмыстар құрықталсын. Қойны құтты, құйқасы құнарлы, құшағы қызулы Қазақстан қуатқа, қуанышқа, қадыр-қасиетке қолайлы қалпында қалсын!”

Міне, өздеріңіз байқап, көріп отырғандай, әрі қарай: “құрастырған Қостанай қаласының қажырлы қаламгері, қарымды қайраткері” – деп жалғай беруге тіл жетсе, сөз жетеді.

Қазақ сөзінің құдіретін осыдан-ақ аңғарасың. Қазақ тіліндегі кез келген әріптен осы секілді әңгіме құрастыруға болады.

Қазаққа Аяз шал емес, Қыдыр ата керек

Қыдырдың түп-төркіні не қадір, не қыдыр деген сөзден шыққан болуы керек деп топшылаймын. Қадір болса, қадірлі, құрметті деген сөз. Қыдыр болса-қыдырып жүреді дегені. Қыдырғанда да Қыдыр кез келген, көрінген үйге бас сұға бермейді. Дастарханы баталы, шаңырағы аталы, негізді де некелі, жеті атасы жетелі, үй иесі орнықты, келіншегі ұқыпты, бала-шағасы құйма құлақ отауларға кіреді. Төріне шығып, дәмін татып, батасын береді.

Ыбырай Алтынсарин: “Жөн білмеген адамға Қыдыр ата дарымас” деп тегін айтпаған. Қазақ “Қырықтың бірі Қыдыр” дейді. Яғни, Қыдырдың ұзын шапаны, салбыраған сақалы, иығында қоржыны бар деп ойлауға болмайды. Ол Қожанасыр болып келе ме, Алдар көсе болып келе ме, өлде басқа кейіпке кіре ме, ол жағын үйдегілер байқамай қалуы да мүмкін. Ақсақалдар бата бергенде ең алдымен ауызға оралатын тіркестерде: “Бақ қонсын, Қыдыр дарысын!” деп айтылады.

Қыдыр баба кейбір үйлердің иелерін сынау үшін мүсәпір болып келуі де мүмкін. “Мүсәпірді жәбірлеме”, — деп жатады.

“Қазақта үйден қырық адым аттап шықсаң, мүсәпірсің” деген де мәтел бар. Ал түбі бір түріктер қонақты, яғни мейманды мүсәпір дейді екен.

Қазіргі уақытта біз жылдың төрт мезгілі деп жүрміз ғой. Ертеде түркі халқы, қыпшақ жұрты жаз бен көктемді қосып алты ай жаз, күз бен қысты қосып алты ай қыс деп атаған. Яғни, он екі ай қаққа бөлінген. Жылдың бір жартысы суық, ызғар болса, екінші жартысы жарық пен жылу. Жақсылық пен жамандық, күн менен түн де солай итжығыс түсіп, алма-кезек алмасып жатады.

Абайдың өзі айтпай ма?!

*“Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан ізі сықырлап келіп қалды.
Демалысы үскірік, аяз бен қар,
Көрлі құда қыс келіп әлек салды”.*

Ал жаз бен көктемнің жөні бір басқа. “Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы, масатыдай құлпырар жердің жүзі” деген осы тұс, жердің беті жасарып, мал көкке шығып, тіршілік жайнап, қан қайнап, бозбала өзілдескен кез, күн менен түн теңескен, жасы үлкендер кеңескен, балалардың айдарынан жел ескен кез - қасиетті Наурыз, міне нағыз жыл басы.

Біз болсақ, кешегі Кеңес империясының идеологиясынан, тіпті ақ патшаның отарлаушылық идеологиясынан әлі арылмай келеміз. Ата заңымызда зайырлы мемлекет деп жазылғандықтан ешқандай діни артықшылыққа жол берілмеуі керек десек те, осы уақытқа дейін біздің тойлап жүрген жаңа жылымыз діні басқалардың кәдімгі Рождество мейрамы. Ал Санта Клаус немесе Дед Мороз дегеніміз турасын айтсақ, мейірімді Аяз ата емес, қаһарлы қатал қыстың бейнесі.

Жаңа жыл дегенде, өздеріңіз ақылға салып көріңіздерші, күнтізбедегі қаңтардың алғашқы күнінен басқа жаңа дүние бар ма. Қар да жаңа жаумаған, желтоқсаннан қалған. “Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай, қыстың басы бірі ерте, біреуі жай” дегендей, суықтың да белгіленген шекарасы жоқ.

Наурызды алсақ, бәрі жаңа. Ақ уыз, жас төл, көк шөп, жас арман, жаңа тілек.

Осыған орай мен өзімнің бір өлеңімде былай деген болатынмын:

*“Анасына баласы она бермей,
Сәби өсті бір жөнді ата көрмей.*

*Аяз ата жүргенде тост көтертіп,
Қыдыр бабам кетті ме бата бермей”.*

Аяз ата қазақ баласына ата болуға жарамайды. Ата болып та жарытпайды. Қазақта Қанбақ шал деген де кейіпкер бар. Сондықтан Аязды атымен атап, Аяз шал деген орынды. Ал қазақ баласының атасы Қыдыр ата болуы керек.

Мұрны қызарып, сөзі ұзарып жүретін Аяз ата туралы мынандай шумағым да бар:

*“Аяз ата түксиіп, қабақ түйген,
Ішпей қойды кеш бойы тамақты үйден.
Өйткені ол, бет қызарып, мұрын ісіп,
Алыпты тойғанынша арақ ішіп”.*

Тост дегеннен шығады, шампан ұрттамасақ тілегіміз орындалмайтындай, стақан түйістірмесек, жолымыз болмайтындай жаттан жұққан жаман әдет дәстүрге айналып кетті. Ал қазақ сөзінің төркініне зер салсақ, тост деген сөздің төркіні тосу. Ақ дәмімді алдыңа тостым дегенді білдіреді. Тіпті тостақан /тостаған/деген атаудың өзі осыдан шыққан. Кейін стақан деп өзгеріске ұшырап, өзге тілдерге кірген.

Енді қазақтың жаңа жылының артықшылығын айтайын. Басқалар ағаштың жанын қинап, жас өскінді кесіп, қиып жатса, ата-бабамыз керісінше Наурызда көшет отырғызған. Қыста су қатып жатса, бітелген бұлақ көздері жазда ашылған. Қысқы қалың киім тасталып, жаңа киім-кешек киілген.

Көне орыс жерінің өзінде жаңа жылды христиан дінін қабылдағанға дейін бірінші наурыздан бастап тойлаған. Ал ағылшындар наурыздың 25-ін жаңа жылдың алғашқы күні деп есептеген.

Даналық дариясы

Абай Құнанбаев

Кеңдік. Биіктік. Тереңдік. Осынау бір-бірінен ажырамас үш ұғым арқылы Абай жырындағы, Абай сөзіндегі ұлылықты ұғып, ұрпаққа ашып айтамын, не биікке шығамын, не тереңге бойлаймын деген адамның өзі жоғары шықса, басы айналары, төмен түссе, тұншығары анық. Өйткені, Абай рухы аспандай асқақ, қара жердей қасиетті, ақын ойы таудан да биік, теңізден де тұңғыық, қазақтың кең байтақ даласындай барлық құпия сырын ішке түйіп жатыр. Абайдың бір өзі — тұтас әлем және көрінгенге ашыла бермейтін, қалтарысы көп жұмбақ әлем, зерттелмеген мұхит, игерілмеген ғарыш.

Кең жазықта көсіле шапқан арғымақ па, қансонарда түлкі алған аңшы ма, махаббат қызығына батқан жастар ма, қас пен көздің арасындай бір сәтте жоқ болатын жалған ба, көкірегін қарс айырған халық мұңы ма, жер басып жүрген пенделердің көрсоқыр надандығы ма, ел билейді деп үміт артқан ағайынның жамандығы ма, күн мен түндей мәңгілік айқасып өтер итжығыс тіршіліктегі игілік пен зұлымдық па — осының бәрі Абай жырында көрініс табады.

“Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла”, — деген ақын сөзі арты өкініш, алды үміт заманға айтылды ма, көрген түстей жалғанда не жасарын біле алмай шарқ ұрған адамға ма, әлде сөз ұқпайтын наданға айтылды ма, болжау қиын. Қасіреттен егіліп, қабырғасы сөгіліп кеткен кезде Абайдың:

“Өлең, шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,

Сырымды тоқтатайын айта бермей”, — деуі де сондықтан.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов “Абай жолы” эпопеясында әке мен баланың, яғни, Құнанбай мен Абайдың арасындағы тартысты тілге тиек қылса, Мұхаңдай қаламгер сол тұстағы заман мінбесінен қарағанын, әр сөзін бағып отырған адам бар екенін ескеріп, болмаған тартысты да болды деп көрсетуі мүмкін екенін назарға алатын болсақ, Абайдың көрген қорлығы, тартқан зорлығы отбасында емес, туып-өскен ортасында деп түсінемін.

Поляк саяхатшысы Адольф Янушкевичтің қазақ арасындағы тұңғыш рет аға сұлтан болып сайланған, Мекеге барып, қажы атанған Құнанбайға берген бағасы Абайдың елге көсем, тілге шешен отбасында және бір ауыз сөзге тоқтаған ортада өскенін дәлелдейді.

Абай ортасы дегенде Орта жүздің бұлбұлы атанған Біржан сал, ақын қасынан екі елі ажырамайтын Көкбай, өлең қуған балалары Мағауия мен Ақылбай туралы қалың оқырман бұрыннан хабардар болса, Құнанбайдың жолын жалғаған, Абай үмітін жүзеге асыруға тырысқан Шәкәрім есімі ол ақталғаннан кейін барып белгілі болды. Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясында ақынды ақыл-ой биігіне көтерген осы әдеби орта әдемі де әсерлі суреттелген.

“Ел ақтаған бір ақын болушы еді. Тілін безеп, жанын жалдап, тіленшектеп байды сауып, сөз қадірін сол кетіруші еді. Үн түзеген бір әнші болушы еді, кім көрінгеннің қосшысы. Әр кез, әр мырзаның қосалқысы. Ән қадірін түсіріп, бір атым насыбайдай, арзан етіп еді... Жалқы бол, жарлы бол, ол кемшілік емес. Өнерлі ақын, асқақ әнші болсаң, ел көңіліндегі мұңды айтып, көзіндегі жасты тыйсаң, сенен зор, сенен қадірлі болмасқа тиісті”, — дейді роман кейіпкері Абай.

“Қазақ ақындарының өздерінің де, сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып, көзге түскен”, — деп жазады Ахмет Байтұрсынов. Ақаң өзінің “Әдебиет танытқышында” сындар дәуірі деп атаған кезең Абай сөздерінен, ақынның немере інісі, талантты шәкірті Шәкәрім шығармаларынан басталады. Шәкәрімнің қажылық сапары да негізінен танып-білуге арналған. Ол мәдени және әдеби мұраларға ерекше зейін салады. Ал өнерғылым меңгеруге ұмтылудың орнына шен-шекпенге қызыққан, мансап қуған жастарды көріп қапаланған Абай:

*“Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмәш, я адвокат,
Болсам деген бәрінде ой!”* — деп күйінеді.

Ұлы ақын орыс мәдениеті, күшті мемлекеттің озбырлығы секілді ұғымдарға да парасат деңгейінен үңіле білді. Ресейді екіге бөліп, оның алғашқысы Пушкині бар, Толстойы бар Ресей, енді бірі пушкасы (зеңбірегі) бар, оқ-дәрісі от алуға дайын тұрған Ресей екенін түсіне білді. Осы шындықты шыңырау түбінен аңғарған ақын келер ұрпаққа: “Военный қызмет істеме, оқалы киім киюге”, — деп ғибрат айтты. Ұлы ақын сөзінің ақиқатын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Біз өмір сүріп отырған уақыттың өзінде Ресейдің екіге жарылғанын көріп отырмыз. Олардың бір тобы шешен жерінде бейбіт халықты қанжоса қылып, қырғын ұйымдастырса,

енді бір тобы, орыс халқының ұлы ақыны Пушкин ескерткіші түбінде қанқұйлы саясатқа наразылық білдірді.

Абай шығармаларындағы пәлсапа, яғни, философия туралы айтар болсақ, тағы да Абай жыры тілімізге орала береді. Ақынның шумағы, әрбір жолы тұнып тұрған философия, “сырты алтын, іші күміс” ой орамдары.

“Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең”, — деген екі жолға назар салайық. Сәби шыр етіп дүниеге келген күнгі шілдехана тойынан бастап, адамның соңғы сапарға аттанарда айтылатын жоқтау жырына дейінгі аралықта тұсау кесер де, тоқым қағар да, ат жалын тартып мініп, азамат болған шағындағы сүндет тойы да, мүшел жасы да, үйлену тойы да өлең-жырсыз өтіп көрді ме екен?! Өмірдегі барлық қызық та, қасірет те өлеңмен өріледі екен. Осы бір атан түйеге жүк болар ойды Абай екі-ақ жолға сидырып тұрған жоқ па?!

“Үш-ақ нәрсе Адамның қасиеті —

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”, — дейді ақын. Біз кейде үлкені бар, кішісі бар, ұлысы бар, ұсағы бар, әр түрлі деңгейдегі ақындарды сезімнің жыршысы, ойдың ақыны деп бөлеміз. Ұлы Абай болса Ақыл мен Сезімнің, Қайрат пен Жүректің жымдасып, шыбыртқыдай берік өрілген, шиыршық атып тұрған қоспасы, бір ет, бір май дегендей, санаға да сәуле түсіретін, жүрегінді де еріксіз елжірететін жырдың ғаламат туындыгері.

Алты алашқа аты мәлім болған Біржан салдың өзі:

“Орта жүз Абай қойған атын батпай,

Үйіне ояз кірмес жауап қатпай”, — деп сипаттаған ұлы Абай қазақтың философиялық жырының да атасы деуге толық негіз бар.

Сөз тыңдайтын құлақ таппай, сырласатын жан таппай, жапандағы бақсының моласындай жалғыз қалып, қамыққан сөттерінде де Абай ұрпаққа ұлағат, келешекке өсиет айтады:

“Әсемпаз болма өрнеге,

Өнерпаз болсаң — арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан!”

Бала кезімізден жаттап өскен осы шумақта бүкіл тірліктің мәні, өмірдің сәні жатыр.

“Бас-басына би болған өңкей қиқым”, — деген жолдарды оқығанда күні кеше ғана тілімізге қарсы шығып, Абай тілін құрдымға батырып, Жер-анамызды өзгенің қанжығасына байлап жіберуге даяр тұрған намыссыз қазақ жігіттері — доллар үшін

туған анасын да сатып жіберетін бизнесмен мырзалар көз алдымызға келеді. Сезімі ояу, көңілі қаяу ақынның бұдан бір ғасыр бұрын айтқан сөзі осы күні де маңызын жоғалтпаса, бұл да Абай поэзиясының құдіреті.

*“Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан”* — дегені де нағыз көріпкелдік емес пе?!

Абай қазақ даласындағы қатерлі дерт, асқынған аурудың алдын алуға талпынған, сол сырқаттың диагнозын да дәл тауып, емделу жолдарына дейін айтып берген халық емшісі, іштің мұзын көздің жасы, жүректің қанымен еріткен көреген. Сондықтан да ол ем қонбайтын, сөзге болмайтын пенделерді көргенде: “Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне”, — деп қамығады. Тобықты арғынның бір атасы ғана болғанымен, бұл иісі қазаққа айтылған сөз деп бағалау керек. “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” деп егілген Абай туған халқын қаншалықты жақсы көрсе, сол халықтың бойындағы ерсі мінез, кесір қылықты, даңғойлық пен мансапқорлықты, еріншектік пен намыссыздықты соншалықты жек көргені де рас. Абай “қазақтың жауы — қазақ” дегенде, барлық қазақты емес,

*“Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.*

Терең ой, терең ғылым іздемейді,

Өтірік пен өсекті жүндей сабап”, — деп қасиетін жоғалтып, қасіретке жолыққандарды тілге тиек етті.

Қазақ тағдырында жиі кездесетін сатқындық, опасыздық Абайдың:

“Күшік асырап, ит еттім,

Ол балтырымды қанатты.

Біреуге мылтық үйреттім,

Ол мерген болды, мені атты”, — деген төрт жолында шебер бейнеленген. Абай көрген, Абай жан-тәнімен сезген, жүрегін егілткен осы тақырыпқа қазақтың көп ақыны қалам тартты. Нұржан Наушабайұлы:

“Жарбасты, Күшік, Құттық — үш атамыз,

Атаның барлығында жоқ қатамыз.

Арадан қанаттанып шықса біреу,

Біз соған жерден алып тас атамыз”, — десе, Ахмет Байтұрсынов:

“Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес дарға асқаны, атқаны,

Бөрінен де маған ауыр батқаны —

Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны”, — деп тебіренді. Абай философиясының мұз жарғыш кемедей әсерін кез-келген қазақ ақынының шығармашылық жолынан аңғаруға болады. Ақын жырлары шетсіз, шексіз мұхит үстінде төрттен бір бөлігі ғана қылтып көрініп, қалғаны судың астында, көзден тасада жатқан айсбергке ұқсайды. Оның шын құдіретін, ғажайып қасиетін кеудесінде сәулесі бар оқырман ғана аңғарады. “Қаны қара бір жанмын, жаны жара”, — деп “ұлып жұртқа қайтқан ойдың” иесі ғана айта алса керек.

“Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап”, — дегенді құрғақ ақыл есебінде қабылдай алмаймыз. Кетілсе де жетілген, қайраты қайралған, жігері шындалған жанның намысын жану, қара тасты да қақ жаратын еңбекті дәріптеу, адамды адам қылған ақылды мойындау деп түсінеміз.

Абайдың суретшілігі туралы сөз қозғайтын болсақ, бұл да үлкен тақырып. Суреткер Абай ғажайып суретші бола алады. “Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ”, “Қансонарда бүркітші шығады аңға”, “Жаздыкүні шілде болғанда” секілді керемет полотноларды қазақтың қай суретшісі салды екен, күмәнім бар. Ал Абай суреттеген әйел бейнесі атақты Леонардо да Винчи салған суреттер мен Микеланджело жасаған мүсіндерден артық болмаса, кем емес:

“Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.

Жіңішке қара қасы сызып қойған,

Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,

Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.

Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,

Сықылды қолмен түзген, іш қайнайды.

Жүп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,

Үлбіреген тамағын күн шалмайды.

Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,

Екі алма кеудесінде қисаймайды.

Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,

Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.

Етіндей жас баланың білегі бар,

Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы.

*Қолаң қара шашы бар жібек талды,
Торғындай толқындырып көз таңдайды”...*

Сурет дейміз бе? Мүсін дейміз бе? Қалай десек те, сияды. Батыстың киножұлдыздары жалаңаш түскен бейнефильмдер де Абай суреттеген арудың жанында түкке тұрмайды. “Білектей арқасында өрген бұрым” өлеңінде ақын қызды піскен алмаға теңесе, енді бір жырында: “Қар-аппақ, бүркіт-қара, түлкі-қызыл, ұқсайды қаса сұлу шомылғанға”, — дейді.

Мұндай контраст, мұндай бояулар өзге тілде сөйлей алар ма екен деген ой келеді. Абайды басқа тілдерге осы күнге дейін дұрыс аударма алмай жүргеніміз де оның өлеңдеріндегі қайталанбас көрініс, әсерлі ойларды бейнелейтін баламалар басқа тілде солғын тартып қалуынан шығар.

“Достан да, дұшпаннан да көңілі қайтқан” ақын арсыз жұрттың қылығына ашынады, “жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып”, — деп сұм-сұрқия, қуларға қарғыс таңбасын басады. Сол тұста қалың қазақ арасын жайлап алмаса да, атқамінерлер мен би-болыстар өміріне шым-шымдап ене бастаған қатерлі дерт-аракқұмарлықтан алдын-ала сақтандырады:

*“Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,
Не пайда, не залалды ұға алмай жүр”.*

Абайды бүкіл қазақ халқының, күллі қазақ жұртының, Қазақ мемлекетінің кемеңгер идеологы деп қабылдау ләзім. Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік кеңесшілері де, парламентте заңдар қабылдап отырған халық қалаулылары да Абай сөзіне жүгінсе, ақынның әрбір өлеңі, әрбір қарасөзі әр түрлі заңдардың өзегі немесе арқауы болуға сұранып-ақ тұр. Абай шығармалары мен “Абай жолы” романы Елбасымыздан бастап барлық әкімдердің, зиялы хакімдердің үстелі үстінде жататын кітаптар болуы керек.

“Абайлаңыз, байқаңыз”, — деп Абай сақтандырған кеселдер — сабырсыздық, арсыздық, еріншектік, арызшылдық, өсекқұмарлық, жалған мақтаншылық — ақынды өкіндірген өкініші көп өмірді қазақ халқы әлі де басынан кешіріп жатқан жоқ па?! Бірақ, білімдіден шыққан сөзге құлақ асып жатқан талапты жас аз.

Ақынның қанын қайнатқан, жанын ашытқан, “шелтірейген орыс шенді шекпен жапқан” надандар туралы ол: “жайы мәлім шошқаның, түрткенінен жасқанба”, — деп ой түйеді.

“Қайғы шығар ілімнен,

Ыза шығар білімнен.

Қайғы мен ыза қысқан соң,

Зар шығады тілімнен”, – деп күңіренеді.

Ақын келер заман көк тұман деп, көкірегі қарс айырылса да, алдамшы өмірден біржолата түңіліп те кетпейді, келешектен үмітін үзбейді, “қайрат пен ақыл жол табар қашқанға да, қуғанға”, – деп жігерді Қайраттан, парасатты Ақылдан, жақсылықты Әділеттен күтеді. Қиянатшыл дүниеден жүрегі қырық жамау болса да:

“Адамды сүй, Алланың хикметін сез,

Не қызық бар өмірде онан басқа”, – деп, өмірді сүйуге шақырады. “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген өлеңінен бастап басқа да өлең-жырлары мен қара сөздерінде ақын Алланы сүйу мен адамды сүйу деген ұғымдарды қатар қарайды, ар мен ұяттың күзетшісі Ақылды барлық қасиеттен биік қойып, шайтан ісінен аулақ жүріп, Алланы тануға, иман келтіруге, адамдық атты жоймауға үндейді. “Сүйенген, сенген дәурен жалған болса, жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл”, – деп, тәубаға келеді.

Абай айтқан бойы бұлғаң, сөзі жылмандар, кердендеген кербездер, су жұқпайтын, сөз ұқпайтындар, пейілі шикі, ақылы күйкілер, тамағы тоқ, жұмысы жоқтар, көпшіл бола алмайтын, кекшілдікті қоя алмайтындар арамызда осы күні де құмырсқадай өріп жүргені өтірік емес. Сондықтан да Абайдың “қуатты ойдан бас құрап еркеленіп шығар сөзі” көбінесе ызаға, құсаға толы болса, ол ақынның сол кездегі надандарға деген көзқарасына, өзегін өртеген өкінішке байланысты туған.

“Ызалы жүрек, долы қол,

Улы сия, ащы тіл,

Не жазып кетсе, жайы сол,

Жек көрсең де өзің біл” – дегенде де ақын ақтарылып, шынын айтып отыр. Абай бізге де ең алдымен осы шындығымен, ақиқатты айқайлап айтуымен қымбат.

Абайдың қарасөздері келер ұрпаққа жазған өсиетнама — ұлы ақынның поэзиясы мен философиясының заңды жалғасы. Жер ортасы жасқа келгенде алысып-жұлысқан, айтысып-тартысқан, қажып-жалыққан, қазақтың қылып жүрген көп ісінің баянсызын, байлаусызын көрген, бәрі қоршылық екенін білген Абай оқшау ойларын қағазға түсіреді, халық қасіретіне көкірегі қарс айырылады, ғылым мен білімге, еңбекке шақырады. “Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең” деген өлеңінде айтылған ойды одан өрі дамытып: “Адам баласы жылап

туады, кейіп өледі” деген қорытынды жасайды. Абай көрген, түйсігімен танып білген қайғы-қасірет, зұлымдық, қараулық қара қазақтың көзінен қан болып ақса, Абайдың тілінен сөз болып ағады. Адам баласын қор қылатын не?! Адамды жақсы атандыратын қандай қасиеттер? Абай қарасөздерінен осы сауалдарға толық жауап табуға болады. Адам баласын қор қылатын үш нәрсе: надандық, еріншектік, залымдылық. Адамның асыл қасиеті: қанағат, рақым, талап, еңбек, ақыл.

Абай жырлары мен поэмаларындағы Қайрат, Ақыл, Жүрек секілді мәңгі кейіпкерлермен қарасөздерде де жолығамыз. Осы үшеуінің басын қосатын — Ғылым. Ақынның өзін өкіндірген: “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, — деп опынтқан Ғылым. Ақынның үміт артары да осы. Ақын отыз бірінші сөзінде күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын төрт нәрседен: салғырттықтан, ойыншы-күлкішілдіктен, қайғыға салынудан және құмарлықтан сақтандырады.

“Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!” (32-сөз) — дейді. Абай айтқан ақиқат қайда барсақ та, қайда жүрсек те алдымыздан шығады. “Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ — өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң қара жер де береді, құр тастамайды” (4-сөз) — дейді ол. “Дүниені үлкен көл, заманды соққан жел” деп бағалаған ақынның көп сөзі пайғамбар хадистерімен үндес, өзектес. Абайға құлақ қойсақ, оның әр сөзіне зер салсақ, адасқан көптің өзін де ебін тауып, жөнге салуға болады. “Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады” деген ақын “әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың”, “бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық, сақалын сатқан көріден еңбегін сатқан бала артық”, “досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас” деген секілді ғажайып ойларды қағазға түсіреді. Бір сөзбен айтқанда, “ынталы жүрек сезген сөз бар тамырды қуалайды”.

Абай жыры келешекке де мәңгі-бақи сәулесін шашып, жолымызды нұрландырып тұратыны осындай өміршең асыл қасиеттерінен деп білеміз.

Таулардан биік, теңізден терең

Шоқан Уәлиханов

Қазақ халқының кемеңгер ұлы, ғұлама ғалымы Шоқан Уәлиханов мұрасын осы уақытқа дейін толық игеріп, ғылыми жағынан танып болдық па деген сауалға келсек, басқа еңбектерін былай қойғанда, оның өмірбаяндық деректері де түгенделіп бітпегенін байқаймыз.

Шоқанның кіндік қаны тамған жері туралы көп уақытқа дейін әртүрлі пікірлер айтылып келді. Көкшетаудағы Сырымбет оның ата қонысы екендігінде ешкімнің дауы жоқ. Ал ғалым Құсмұрын бекінісінде туды деген сөзді қалай түсінеміз? Жалпы, Шыңғыстың от басы Құсмұрында тұрды ма?! Бекініс деген сөздің өзі шартты ұғым. Ол белгілі бір ауыл немесе қала деген мағынаны бермейді, облыс, аудан, аймақ секілді географиялық атауды ғана білдіреді. Мысалы, “Бейімбет Қостанай облысында туды” деген тіркеспен “Шоқан Құсмұрын бекінісінде туды” деген сөйлем пара-пар секілді.

Біз иісі қазаққа ортақ ғалымды бір ауыл, болмаса бір ауданға ғана меншіктегіміз келмейді. Алайда, тарихқа қиянат болмас үшін алдағы уақытта ғылыми тұрғыдан дәлелденген деректерді көпшілік құлағына салғымыз келеді. Өйткені, осы уақытқа дейін орта мектептердің өзінде оқытушылардың көпшілігі, тіпті кейбір жоғарғы оқу орындарында тарихшылар Шоқан Құсмұрында туған деген қате түсінікті баяндаумен келеді.

Шоқан 1835 жылы ноябрь /қараша/ айында Құсмұрында туды деген дерек Шоқанның қызметі жөніндегі Ресей архивындағы/ мұрағатындағы/ формулярлық тізім арқылы тілге тиек болғаны белгілі. Академик Әлкей Марғұлан Шоқан туралы очеркінде: “1835 жылы Аманқарағай округінің орталығы Құсмұрынға көшірілді де, содан былай ол Құсмұрын округі аталды”, — деп жазады.

Шоқан мұрасын түбегейлі зерттеп, оның жүрген ізімен жүріп өтіп, “Жасын тағдыр жарқылы” деп аталған тарихи-ғұмырнамалық хикаят жазып шыққан жазушы Жарылқап Бейсенбайұлы Әлкей

Марғұлан айтып, жазып жүрген Күнтимес қонысы Шоқанның кіндік қаны тамған жер деп тұжырымдайды.

Шыңғыс Аманқарағай дуанына аға сұлтан болып 1834 жылдың 30 тамызында сайланған. Яғни, Күнтимеске ол осыдан кейін барып қыстау салдырған. “Осы жерде тағы да архив документтері көмекке келер еді”, – деп жазады Жарылқап Бейсенбайұлы, – 1891 жылы Омбыда округтік штаб 19.04.2005 баспаханасынан есаул Путинцевтің құрастыруымен “Сібір қазақ әскерлері тарихынан алынған хронологиялық тізбе” деп аталатын шағын кітапша жарық көрді. Онда 1789 жылдан 1839 жылға дейінгі бір ғасыр бойы өткен елеулі оқиғалар жайында қысқаша деректер мен түсініктемелер берілген. Қазақ даласына, жеке тұлғаларға қатысты қыруар құнды мәліметтерді жинақтаған сол құжаттың 1834 жылға арналған бөлігінен көптен ойда жүрген дүдәмалдың жауабы да табылып еді. Сонда “Аманқарағай сыртқы округі Құсмұрын дуаны болып қайта құрылды” деп тайға таңба басқандай анық көрсетіпті... Яғни, Құсмұрын тек қырқыншы жылдардан кейін ғана салынып біткен. Олай болса Шоқанның Құсмұрында дүниеге келуі де еш мүмкін емес.

Шоқан өз қолымен сызған картасында осы Күнтимес қыстауын дәл көрсетіп, оның бетіне араб әрпімен: “Біздің үй” деген белгі соққан.

Ғалымның “Елдің жайлағанда қонған жерлері” (1852жыл) деп атаған картасында осы маңайдағы Қараоба және басқа елді мекендер де анық көрсетілген.

“Күнтимес, күндік жерден көрінесің,

Балқытып тұла бойды жібересің”, – деген жолдарды Шыңғыс Қараобада Аманқарағай дуанына аға сұлтан болып сайланғанда Уақтың Ықылас атты биі айтыпты деген сөз бар.

Ал кейінірек Шыңғыс аға сұлтандықтан түсіп, Сырымбетке көшерінде Зейнеп ханым:

“Керей-Уақтай ел қайда?!

Күнтиместей жер қайда?!” – деп жылаған екен.

Шоқанның әуелгі есімі Мұхамед-Қанапия екенін білеміз. Оған бұл есім атақты Сегіз сері (Мұхамед-Қанапия) Шақшақұлының құрметіне берілгенін философия ғылымының кандидаты, ғалым Төлеш Сүлейменов “Өнер” баспасынан 1991 жылы жарық көрген “Сегіз сері” тарихи-ғұмырнамалық хикаяттың нанымды баяндаған: “Сегіз сері Тобыл өзенінің төңірегіндегі (дұрысы: Обаған бойындағы) Керей елінің шеткі ауылдарына ноябрь айының бас кезінде жетіп, мейман болады. Сегіз сол жерде жолдастарының көпшілігін

қалдырып, өзі аз ғана адаммен Қаршығалы деген орманды мекен етіп отырған Өсіп Өзденбайұлының ауылына келіп қонады. Күнтимес деген қоныстағы Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханұлының үйіне келіп түседі. Шыңғыс пен Сегіз жақсы дос болатын. Сегіз ол арқылы Омбыдағы генерал-губернатордың не істемекші болып жүргенін біліп қайтуды көздеген. Сегіз Шыңғыстың үйінде мейман болып жатқанда, оның келіншегі Зейнеп тұңғыш баласына толғатып, ұл тапқан еді. Әйелінің қиналмай аман-есен босанғанына, оның үстіне алғашқы нәрестенің ұл болғанына қатты қуанған Шыңғыс елін жинап, шілдехана жасағанда жас сәбиін оның атымен Мұхамедқанапия деп атаған. Сері келгенде баласының тууын ырымдаған Шыңғыс: “Ұлым өскенде осы Сегіздей жігіттің гүлі болар ма екен?” - деп ойлап, Мұхамедқанапия деген есімді қазақ халқының болашақ ғалымына қойған екен”.

Ғалым Т.Сүлейменов бұл деректерді қазақ халқының көне шежіресінен — Қазақстан Ғылым Академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының қазақстан тарихы бөлімінен, Қазжан Сұрағанов және Мүфти Ахметов қолжазбаларынан алғанын көрсеткен.

Сәбит Мұқанов “Аққан жұлдыз” романында Зейнеп босанып, ұл тапқанда оның үйінде Марал ишанның үлкен баласы Қалқай ишанның қонақ болып жатқанын жазып, күллі ислам дүниесіне танымал, пайғамбардың қызы Бәтиманың күйеуі, әрі Мұхамбет әскерінің бас қолбасшысы болған Әзірет Әлінің үш әйелден он сегіз ұлы болғанын, солардың ішіндегі ең батыры Мұхамед-Қанапия деген ұл екенін, сол тілекпен Қалқай ишан ғазауат соғысына орай жаңа туған нәрестенің есімін қойған екен дейді. Осы жайды оқығандар Қалқай ишан Әуликөлде тұрған, сондықтан да Шоқан сол маңайда туған деген жаңсақ пікірге ұрынады. Сәбит Мұқановтың өзі осы кітабында Шыңғыс қыстауын Обаған өзенінің орта тұсына жақын жердегі Күнтимес аталатын қалың орманға аударады деп ашып жазған.

Сәбит Мұқанов “Жарқын жұлдыздар” кітабында Шоқан туралы жазған зерттеуінде: “1822 жылы М.Сперанскийдің (1722-1839) “Сібір қазақтарын басқару” деп аталатын Ережесі шығады да, орта жүздің хандығы жабылып, қазақтары Құсмұрын, (алғашқы аты Аманқарағай), Көкшетау, Ақмола, Баян, Қарқаралы, Аякөз аталған алты дуанға (округ) бөлініп кетеді. Бұл дуандардың басында аға сұлтан деген атпен қазақ тұрады да, орыс әкімшілігінен оған жәрдемші беріледі. Әдетте мұндай жәрдемшілер майор шеніндегі офицерлерден берілетін болған. Олар дуан орталығын төңіректел

салынған қамалдарда әскер бөлімшесін басқарған, аға сұлтандар істі жәрдемшілерінің еркімен атқаратын болған. Дуан ішіндегі ел ру тәртібімен болыстарға бөлініп, оларды кіші сұлтандар, яғни, болыстар “басқарған” деп жазады.

Сәбең Күнтимес аталатын қалың ағаштың ығында Шыңғыстың қыстау салғанын, оны кетерде Өзденбайдың Өсібі деген байға сыйлап кеткенін айтады. Өсіп болыстың қабірі қазіргі Күнтиместе. Сарыкөл өңіріндегі (Сарыкөл ауданындағы) бір кездері “Краснодон” жылқы зауытының бөлімшесі болып есептелінген ауыл жанындағы бейітте. Қабір басында Шыңғыс сұлтан Көкшетаудан арнайы алдырып, Өсіптің басына қойдырған құлпытас әлі тұр. Ауылда қадірменді ақсақал Есмә Ғабдоллаұлы біз барғанда көрсетіп, нұсқаған мешіт пен медіресенің, қыстаудағы үйлердің, ауыз су алуға және малға су тартуға арналған құдықтардың орны “мен мұндалап” тұр.

Қазақ ғалымы Марат Сәбитұлы Мұқанов академик Әлкей Марғұланның жауапты редакторлығымен жарық көрген “Этнический состав и расселения казахов Среднего жуза” (“Ғылым” баспасы, 1974 жыл, 81-ші бет) атты кітабында тарихи деректерге сүйене отырып, Құсмұрын округі қырқыншы жылдардың аяқ кезінде құрылғанын жазады.

Осы кітапта Керейлер мен Уақ ауылдарының Обаған бойын мекен қылғаны да айтылған. Абылай ханның сүйікті ақыны Тәтіқара осы өңірде туып-өскен. Барақ батыр, Асаубай шешен, Шоқай би, Шәнкі шешен, Әлібек батыр, Мырзахмет қожа секілді біртуар тұлғалар осы арада дүниеге келген. Аманқарағай дуанының орталығы Қараоба да Сарыкөлден алыс емес. Қара қазан көтерілген, сары қымыз сапырылған, аруақ қонып, нар шөккен қасиетті, құтты мекен. Киелі топырақтың қасиеті күні бүгінге дейін жалғасын тапқанын айту лазым.

Сөз зергері Ғабең сабақ берген жазушы-ұстаз Бекет Өтетілеуов, атақты қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Ілияс Омаров, академик Өмірзақ Сұлтанғазин, ақын-жазушылар Жайсаңбек Молдағалиев, Нұрғожа Оразов, әдебиетші-ғалым Жұмағали Ысмағұловтар кіндік кескен, туып-өскен жер де осы ара. Шоқан туғанда той жасалған Тойсай және ол оқуға аттанарда тай сойылған Тайсойған мекендері де Қараобадан алыс емес, Күнтиместің іргесінде.

Шоқан табаны тиген жер Құсмұрын ғана емес. Әуликөл өңірінде Шоқан атында ауыл бар. Бірақ осымен ғана шектелуге бола ма?!

Дана Шоқанның өмір жолын білгендей бала Шоқанның өткен жолдарын көз алдымызға әкеле аламыз ба? Бүгінде тарихымызға ешбір қатысы жоқ орыс тіліндегі атаулармен алмастырылған Тойсай, Тайсойған секілді аттардың өзі (бұл ауылдар Ұзынкөл ауданы аумағында орналасқан) әрбір әрпіне дейін көздің қарашығындай сақтайтын көзі тірі тарихымыз емес пе?! Ақын Мағжан жырына арқау болған, батыр Баян ат суарған, / “Арқада бір өзенді дер Обаған, сол жерді батыр Баян қоныс қылған” / Тәтіқара жырау жыр толғаған Сарыкөл атауы да өзінің заңды тарихи орнын алып, тәуелсіз еліміздің картасына алтын әріптермен жазылды.

Қостанайға келген қонақ болса, ең алдымен Күнтимес пен Қараобаға ат басын тіреп, Шоқан ізімен жүріп, тарихымызды зерделеуі керек. Күнтиместегі Шыңғыс қыстауы мен мешіт, медіресе түгелдей қалпына келтіріліп, кұрылысқа қаржы бөлініп, ел мерейін асыратын игілікті шаралар жүйесін тапса, айтылған сөз иесін тапса, нұр үстіне нұр болар еді.

Қостанай қаласында шығып тұрған “Дала қоңырауы” газетінің 1992 жылғы мамыр айындағы оныншы санында Күнтимес ауылының тұрғындары, Сәбит Мұқановен көзі тірісінде кездесіп, сұхбат кұрған ауыл ақсақалдары Есмә Ғабдоллаұлы, Қажығали Тоқтасұлы секілді жастары сексеннен асқан қариялар бастап, жастар қоштаған, барлығы алпыс бес адам қол қойған “Шоқанның шоқтығы биік болсын десек!” деп аталған хат жарияланды. Олар Шоқанның кіндік қаны тамған жерге ерекше қамқорлық қажет екенін жазды.

Жұрттың көпшілігін шатастырып жүрген Шоқан Құсмұрын бекінісінде туды деген дерек Әлкей Марғұланның Шоқан туралы очеркінде Ресей мұрағатынан алынған. Академик ағамыздың өзі кейін бұл пікірінен қайтып, Шоқанның Күнтимес қонысында туғанын атап айтқаны жазушы Жарылқап Бейсенбайұлының кітабында толық баяндалады.

“Тамаша адамдар өмірі” сериясымен орыс тілінде жарық көрген Ирина Стрелкованың кітабында “Первенец султана Чингиса и Зейнеп родился в ноябре 1835 года, точно день не известен, в крепости Кушмурун” деген сөйлемін де оның көз майын тауысып тапқан немесе нақты құжаттан алған дерек деп пайымдауға болмайды.

И.Стрелкова Құсмұрынды да, Күнтиместі де көрген емес, тіпті Қостанай жеріне келген емес. Ал аталған кітабында Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Г.Потанин, Н.Ядринцев секілді ғалымдар еңбегін пайдаланып, соларға сілтеме жасаған. Бір сөзбен айтқанда

Стрелкова тарихшы да, зерттеуші де емес, өзіне дейінгі мәліметтерді пайдаланып, сұрыптаудан өткізіп, көркем шығарма жазушы. Осы жағдайды ешуақыт естен шығармаған лазым.

Кейбір журналистердің “Ортабұлақта хан ордасы тұрды. Ханжатқан дейтін жер атауы да бұған куә”, — деп жазуы да құрғақ жорамал. Біріншіден, Шыңғыс сұлтанды хан деп айтқан дегенге сену қиын. Көне құлақ қариялар Ханжатқан атауын Шыңғыспен емес, Кенесары есімімен байланыстырады. Ал Кенесарының хан аталғаны анық. Жорықта жүріп Құсмұрын маңайында болғаны да рас. Енді біреулер “Ханжатқан емес, дұрысы “Кенжатқан” дегенді де айтады. Құсмұрын жерінде кен жатқаны да анық.

Осыған орай кезінде өз басым осы мәселенің анық-қанығын ашып беру үшін Алматыға хат жолдап, тиісті жауабын да алғанмын.

Енді Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, академик Манаш Қозыбаев, осы институттың қызметкерлері, Шоқанға байланысты зерттеу еңбектерінің авторы, тарих ғылымының кандидаты Е.Уәлиханов пен С.Өтениязовтың қолдары қойылған хаттың мазмұнын түгелдей келтірейік: “Қазақ халқының ұлы ғалымы Ш.Уәлихановты Құсмұрында туған деп жазғандар оның алғашқы биографтары Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцевтер болатын. Бұл дерек (1895ж) Ә.Марғұланға дейін өзгеріссіз айтылып келеді. Өзіңіз білесіз, біздің ғасырымызда ең ірі Шоқантанушы Әлекең қазақ ғалымының өмірі мен ғылыми мұрасының көп қыр-сырларын ашты. Сондай-ақ Әлекең ұлы ғалымның туған жері мен туған жылы туралы бұрын айтылған деректерді өзгерткен еді.

Соның ішінде ғалым Шоқанды Күнтиместе туды деп атап көрсеткен-ді.

Шындығында да, архив құжаттарына қарағанда Аманқарағай округі 1834ж. 30-тамызда ашылды, оның аға сұлтаны болып Шыңғыс Уәлиев сайланды (ЦГАРК қор — 338,оп 1, іс.31. 746) 1835 жылдың күзінде, яғни Ш.Уәлиханов дүниеге келген кезде жаңадан ашылған Аманқарағай округінің орталығы Күнтиместе болатын-ды. Құсмұрын бекінісі ол кезде жоқ еді. Сонда Шоқан Күнтиместе тумай қайда тууы керек?

Құсмұрынға көшу мәселесі 1840 жылы басталды, ондағы мектеп салынған жылдары 1842-1843 ж.ж (ЦГАРК, қор-374, оп., іс 1083). 1844 жылы Құсмұрын бекінісіне Аманқарағай округі көшірілген себепті округтің аты да “Құсмұрын округі” болып өзгерді. (Г.Н.Путинцев құрастырған “История Сибирского

казачьего войска”, Омск, 1891, атты кітабын қараңыз). Міне, сондықтан да 1844 жылға дейінгі барлық құжаттарға Аманқарағай округі болып жазылса, содан кейінгі жылдарда Құсмұрын округі болып жазылады.

Кейбір зерттеушілер Аманқарағайда 1833-1835 ж.ж. жұқпалы ауру тарады, сол себепті Батыс Сібір әкімшілігі округті ауыстыруды қарастырды (ЦГАРК, қор-374, оп.1, іс-1083) дегенді желеу етіп, Шыңғыс Күнтиместе сол кезде тұрмауы мүмкін дегенді болжамдайды, нақты дәлелдейтін ешкімде де дәрмен жоқ.

Әрине, Күнтимес те, Құсмұрын да – Шоқанның балалық шағы өткен жер. Құсмұрында Шыңғыс мектеп ашып, өз балаларымен қоса қазақтың талай баласына жан-жақты білім берді. Айтылған елді мекендер Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Бірінде қазақтың ұлы ғалымы дүниеге келсе, екіншісінде балалық шағы өтті. Сондықтан дау туғызатындай ештеңе жоқ.

Шоқан мұрасы жыл өткен сайын халқымыздың игілігіне қызмет ететін болады.

Күнтимес туралы осыдан артық қандай дәлел керек?!

Өсер елдің перзенті болған Шоқан жиырмадан енді ғана асқанда Орыс география қоғамының толық мүшесі болып сайланды. Орыстың атақты ғалымдары оны мойындады. Омбының кадет корпусын бітірген, бір-екі жылдай ғана Петербург университетінің тарих-филология факультетінде дәріс тыңдаған, қалған білімін өз ынтасымен, өз бетімен жетілдірген ғалымның кез келген академиктен артық біліміне таңдай қақпасқа шара жоқ. Ыстықкөл өңірінің фаунасы мен флорасын зерттегенде ғалым керемет коллекция жинап, өз қолымен жүрген жерлерін картаға түсірсе, Қазақстан мен Орта Азияның географиясы мен этнографиясына қосқан үлесі де қомақты.

Ал туған елінің ауыр жағдайын көзбен көргеннен кейін Шоқан өз жерлестеріне қалайда жақсылық жасағысы келіп, Атбасар округі бойынша аға сұлтандыққа таласып, сайлауға түседі. Бірақ, білімді азаматты бұл жолы білектілер жығады, Шоқан қайтадан Омбыға кетіп қалады.

Шоқанның өмірінің соңғы жылдары Черняев экспедициясында өткені мәлім. Әулиеатаны қанға бөктіріп, қанқұйлы саясат жүргізген қаныпезер генералмен, әрине, демократ-ғалым әрі гуманист жазушы қатар жүре алмас еді. Міне, сондықтан да Шоқанның Тезек төренің ауылына келуі орыстың сол тұстағы озбыр саясатын мақұлдамауы және жат жұртқа білім қуып кеткен ұлдың туған даласына, өз ошағына оралуы деп те түсінгеніміз абзал.

Шоқан қазақ халқының тұңғыш кәсіби ғалымы ғана емес, тұңғыш кәсіби суретшісі, қазақ әдебиетінде алғаш рет эпистолярлық жанрды қалыптастырған, көптеген тамаша хаттар мен күнделіктер, жолжазбаларын аманатқа қалдырған көсемсөз шебері.

Халық қол өнерінің мұрасын жинаушы есебінде де Шоқан мен оның әкесі Шыңғыс сұлтан қандай қошеметке де лайықты. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы ғалым еңбегі бір төбе. Шоқан салған суреттер, Шоқан жинаған құжаттар, халықтық бұйымдар кейінгі ұрпаққа қалдырған асыл мұра.

Ауылдастары атақты Абылай ханның шөбересі деп құрметтеген, әріптестері орыс армиясының офицері деп марапаттаған Шоқан есімі қазақ елінің тарихына халқымыздың кеменгер перзенті, ұлы ғалымы есебінде алтын әріптермен жазылды. Сегіз қырлы, бір сырлы дегенді Шоқанға байланысты айтатын болсақ, сексен қырлы жігіттің арқалаған ауыр жүгін тұтас институттар мен академиялардың өзі қабырғасы қайысып көтерер еді. Шоқанның бір өзі қазақ халқы мен Орта Азия халықтарының энциклопедиясы. Этнограф, топограф, географ, суретші, жазушы, зерттеуші көсемсөзші Шоқан қамшы сабындай қысқа ғұмырының ішінде қазақтың киіз үйінен бастап моласына дейінгі тұрмысын суретке салып бейнелеп, көркем сөзбен шолу жасап, қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресін де, қазақ даласындағы билік жүйесін де, Азия қалаларының біразының сипаттамасын да, Ислам дініне көзқарасын да жазып үлгерген. Қазақтың ежелгі қарулары қандай болған? Музыка аспаптары қандай? Олардың алғашқы орындаушылары кімдер болған? Даладағы салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар қандай? Осылардың бәріне ғалым еңбектерінен жауап табуға болады. Тілді халықтың басты ерекшелігі деп есептеген ғалым қазақ халқының ертегі-аңыздары, жұмбақтары мен жаңылтпаштары, дастандары, мақал-мәтелдеріне таңдай қағады.

“Өгіздің мойыны жаман, орыстың ойыны жаман” деген мақалды естігенде, оған: “Пословица “У вола шея плоха, а с русским шутка плоха” явно говорит, что она родилась у кайсака, когда мы приобрели влияние в степи”, деген түсініктеме береді.

Шоқанның әрбір сөзін ой елегінен өткізіп, астын сызып, оқуымыз қажет. Мәселен, айтыс ақындары туралы ол: “кайсацкий импровизатор не соединяет в себе наших понятий о поэте. Он, несмотря на свое дарование, не смотрит на него как на достоинство, которым возвышается превыше самих султанов, напротив, смотрит как ремесло, данное ему для добывания подарков”, - дейді. Ұлы Абайдың: “Қобыз бен домбыра алып топта